

Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
«Рудный қаласы білім
бөлімінің «№ 2 бөбекжайы»
коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны



Коммунальное государственное
казенное предприятие
«Ясли-сад № 2» отдела
образования города Рудного»
Управления образования
акимата Костанайской области

ХАБАРЛАМА

Жыл сайын «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 5-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушілердің, мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қызмет есептерін жария талқылау жүргізіледі. Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есептерді жария талқылау жүргізу жетекшілік ететін салада мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша халықты хабардар етуге бағытталған.

Сондай-ақ жария талқылаулар көрсетілетін қызметті берушілер қызметінің есептілігі мен ашықтығы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі, мемлекеттік қызметтер көрсету процесін ұдайы жетілдіру, оларды көрсетудің үнемділігі мен тиімділігі қағидаттарының іске асырылуын қамтамасыз етуге арналған.

Ағымдағы жылдың 20 қаңтар мен 07 ақпан аралығында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласының білім бөлімінің «№2 бөбекжайы» КМҚК сайтында «Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде «Жария талқылаулар» бөлікшесінде 2024 жылғы мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет нәтижелері туралы есеп орналастырылды.

Қала тұрғындарына «Түсініктеме» терезесінде ұсыныстар немесе ескертулер қалдыруға мүмкіндігі беріледі.

Қаланың барлық тұрғындарын қоғамдық талқылауларға белсенді қатысуға шақырамыз.

Жария талқылау қорытындысы бойынша Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Рудный қаласының білім бөлімінің «№2 бөбекжайы» КМҚК сайтында жария талқылау нәтижелері туралы қорытынды орналастырылады.

Меңгеруші



Моргун Н.А